

## **Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті күшейту, мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар қызметіндегі тәртіп пен реттілікті нығайту жөніндегі шаралар туралы**

Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 14 сәуірдегі N 1550 Жарлығы.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 45-бабының 1-тармағына сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі шараларды жетілдіру, сыбайлас жемқорлық көріністеріне қарсы қимыл жасауға бағытталған іс-шараларды орындау, сондай-ақ мемлекеттік органдардағы лауазымды адамдардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заңнаманың сақталуы үшін жауапкершілігін арттыру мақсатында

**ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Облыстарда, Астана және Алматы қалаларында Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің тәртіптік кеңестері құрылсын, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының тәртіптік кеңестері таратылсын.

2. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар қызметіндегі тәртіп пен реттілікті нығайту мақсатында тәртіптік кеңестердің жұмысын мына қағидаттарға сүйеніп ұйымдастырсын:

қызметінің жариялылығы, жүйелілігі және істің алдын алуға бағытталуы;

жұртшылықтың және бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдерін жұмыс отырыстарын әзірлеу мен өткізуге кеңінен тарту.

3. Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) 2005 жылдың үшінші тоқсанында Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігімен (қаржы полициясымен) бірлесіп 2006-2010 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің мемлекеттік бағдарламасын әзірлеп, Қазақстан Республикасы Президентінің бекітуіне енгізісін, негізгі назар сыбайлас жемқорлықтың пайда болу себептері мен жағдайларын және азаматтардың құқықтарын бұзуды жоюға, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мемлекет қабылдаған шаралардың жариялылығын қамтамасыз ету, бағдарламаны іске асырудың барысы туралы ел халқын жүйелі түрде хабардар ету жөніндегі іс-шараларды әзірлеуге аударсын;

2) мемлекеттік органдарда лауазымды адамдардың жоғары жауапкершілігі мен дер кезінде ден қою қағидаттарына негізделген азаматтардың арыздарын, заңды тұлғалардың өтініштерін қараудың нәтижелерін есепке алу мен бақылаудың бірыңғай жүйесін құратын болсын;

3) жекешелендіру процесінің, мемлекеттік сатып алу және салық саясаты, жер қойнауын пайдалану және жер қатынастары салаларында шешімдер қабылдаудың ашықтығын қамтамасыз ету жөнінде шаралар әзірлесін;

4) 2005 жылдың аяғына дейін:

бюджет қаражатын жұмсаудың ашықтығы мен тиімділігі қағидаттарында мемлекеттік сатып алудың тендерлік жүйесінен негізінде биржалық саудаға, сондай-ақ электрондық мемлекеттік сатып алуға көшу үшін қажетті жағдай туғызатын болсын;

шекара арқылы өткізілетін жүктерді, соның ішінде транзиттік жүктерді алып жүру үшін шектес мемлекеттермен бірыңғай ақпараттық жүйені пайдалана отырып, жүктерді тек кеден шекарасы өтетін орындарда ресімдеуді көздейтін кеден рәсімдерін жүзеге асырудың нақты тәртібін жасасын;

сыбайлас жемқорлық үшін жағдай туғызуға ықпал ететін факторларды кешенді зерделеуді және меншік құқықтарын кепілді қорғауға бағытталған шаралар тұжырымдауды қамтамасыз етсін;

5) азаматтар құқықтары мен кәсіпкерлердің заңды мүдделерін олардың қызметіне мемлекеттік органдардағы лауазымды адамдардың заңсыз араласуынан қорғау мақсатында 2005 жылғы 1 тамызға дейін:

мемлекеттік органдардың бақылау-қадағалау функцияларын реттеуге бағытталған нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлесін;

лицензиялық-рұқсат беру жүйесін оңтайландыру жөніндегі, соның ішінде қызметтің лицензияланатын түрлерін қысқарту және лицензиялар мен рұқсаттар алудың тәртібін оңайлату жөніндегі жұмысты аяқтасын;

2006 жылы Қазақстанның барлық өңірлерінде халыққа "жалғыз терезе" қағидаты бойынша қызмет көрсету орталықтарын құру жөнінде шаралар қабылдасын;

6) 2005 жылғы 1 қазанға дейінгі мерзімде Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігімен (қаржы полициясымен) және Бас прокуратурамен бірлесіп қолданыстағы заңға тәуелді актілерге, оларға сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары мен қылмыстарына жағдай туғызуды болдырмайтын нормалар енгізу тұрғысынан, тексеру жүргізісін;

7) ұлттық компаниялар мен мемлекеттік кәсіпорындар қызметін реттейтін, айқындық пен ашықтықты, соның ішінде олардың кіріс бөлігін түзу, мемлекеттік сатып алуды және кадр саясатын жүзеге асыру саласындағы айқындық пен ашықтықты қамтамасыз ететін нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізісін.

4. Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы:

2005 жылғы төртінші тоқсанда Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанынан қаржы бақылау органын құру жөніндегі нормативтік құқықтық актінің жобасын енгізісін;

2005 жылдың соңына дейін заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (тазартуға) қарсы іс-қимыл туралы заң жобасын әзірлеуді аяқтап, Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізісін;

2005 жыл ішінде уәкілетті мемлекеттік органдармен бірлесіп, қызмет бабын асыра пайдалануды, бюджет қаражаты мен ресурстарын нысаналы пайдаланбауды, лауазымды адамдардың кәсіпкерлік қызметке заңсыз қатысуын анықтау мақсатында тексерулерді жүзеге асырсын.

5. Қазақстан Республикасының Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігі (қаржы полициясы):

мемлекеттік органдардағы лауазымды адамдар тарапынан болатын сыбайлас жемқорлықтың көрініс беру фактілері туралы азаматтар мен заңды тұлғалардан түскен хабарламаларға (арыздарға) жедел ден қою қызметтерін құратын болсын;

шенеуніктер тарапынан кәсіпкерлік қызметке заңсыз араласу, кәсіпкерлер құқықтарына қысым жасау фактілерін анықтау жөніндегі іс-шараларды тұрақты негізде жүргізісін;

сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактілері бойынша арыздарды қараудың нәтижелері туралы өтініш берушілер мен жұртшылықты хабардар ету жолымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің ашықтығын қамтамасыз етсін.

6. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі:

мемлекеттік органдар қызметіндегі сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алу мақсатында Қазақстан Республикасының заңнамасына сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған адамдарға мемлекеттік билік органдарында лауазымдар атқаруға тыйым салу туралы өзгерістер мен толықтырулар енгізуді көздейтін заң жобасын әзірлеп, Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізісін;

Мемлекеттік қызметшілерді, құқық қорғау органдарының қызметкерлерін аттестаттауды өткізу туралы үлгі ереже әзірлесін;

бір ай мерзімде Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшісінің ар-намыс кодексін әзірлесін;

мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің бос қызмет орындарына орналасуға арналған конкурстардың ашық өткізілуін қамтамасыз ету жөнінде шаралар әзірлесін.

7. Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы, Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Қазақстан Республикасының Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігі (қаржы полициясы) орталық атқарушы және жергілікті билік органдары басшыларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес заңнамасын орындауына тексерулер жүргізісін. Осы жұмыстың нәтижелері туралы жұртшылықты кеңінен хабардар етуді қамтамасыз етсін.

8. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі:

2005 жылғы 1 маусымға дейінгі мерзімде Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотымен бірлесіп, алқабилер соты институтын енгізу және қалыптастыру мәселелерін реттейтін заң жобаларын әзірлеп, Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізсін;

адвокатураның сот ісін жүргізу шеңберіндегі және сот шешімдерінің орындалу кезеңіндегі рөлін арттыру жөнінде шаралар қабылдасын, тиісті заң жобаларын әзірлеп, Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізсін.

#### 9. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотына:

Жоғары Сот Кеңесімен бірлесіп халықтың сот төрелігі органдарына сенімін арттыру мақсатында сот жүйесіндегі сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі шаралар кешенін әзірлеп, іске асыру;

сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары мен қылмыстары туралы істер бойынша сот практикасын қорыту, соттардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заңнаманы қолдануы жөнінде тиісті түсініктерді тұжырымдау ұсынылсын.

#### 10. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері:

сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің өңірлік бағдарламаларын әзірлеп, қабылдасын, олардың уақтылы әрі сапалы орындалуын қамтамасыз етсін;

өңірлерде кәсіпкерлердің құқықтарын нақты қорғауды қамтамасыз ету мақсатында олардың қызметіне бақылаушы мемлекеттік органдар тарапынан заңсыз араласуға, сондай-ақ мемлекеттік қызметшілердің коммерциялық құрылымдар мүдделерін сүйемелдеп-қолдауына тыйым салу жөнінде шаралар қолдансын;

аумақтық құқық қорғау органдарымен және өзге де мемлекеттік органдармен бірлесіп мемлекеттік кәсіпорындардың қызметкерлері тарапынан, бірінші кезекте тұрғын үй-коммуналдық білім беру және денсаулық сақтау салаларында азаматтар мен заңды тұлғаларға қатысты қызмет бабын асыра пайдалану, парақорлық, бопсалау фактілерін анықтауға бағытталған тексерулер жүргізсін;

жер учаскелерін бөлу кезінде Қазақстан Республикасы Жер кодексінің ережелерін мүлтіксіз сақтауды қамтамасыз етсін, бекітілген жер меншігін заңсыз қайта бөлу фактілерін болдырмасын;

барлық мемлекеттік мекемелер басшыларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөнінде қолданған шаралары туралы халық алдында ұдайы есеп беруін өткізуді ұйымдастырсын.

11. Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері жөніндегі комиссия сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес заңнамасының бұзылуына жол берген мемлекеттік органдар басшылары мен лауазымды адамдары қызметінің әділ әрі жан-жақты қаралуын қамтамасыз етсін.

**Ескерту. 11-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Президентінің 2011.02.18 N 1157 Жарлығымен.**

12. Қазақстан Республикасының Үкіметі және басқа да орталық атқарушы органдары осы Жарлықтан туындайтын өзге де шараларды қолдансын.

13. Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жүктелсін.

14. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ